Жұмыстарды мемлекттік сатып алу туралы
№19 КЕЛІСІМ-ШАРТ

Ленгір қ. 2011 жылғы «11» ақпан

Мемлекеттік мекеменің жарғысы негізінде әрекет ететін «Төлеби аудандық құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесі, бұдан әрі **Тапсырысшы** атынан бөлім бастығы Л. Серікбаев, бір жағынан және Жарғы негізінде әрекет ететін «Barat & Co» ЖШС, бұдан әрі аталуы **Мердігер** атынан директоры А. Айнабек, екінші жағынан, «Мемлекеттік сатып алу» Заңы негізінде және 2011 жылдың 09 ақпандағы облыстық энергетика және коммуналдық шаруашылық басқармасындағы бір көзден мемлекеттік сатып алу қорытынды хаттамасына сәйкес **«ОҚО, Төлеби ауданы Киелітас ауылдық округі Ақайдар, Киелітас ауылдарының тұрғын үйлерін газбен қамтамасыз ету құрылысы»** жұмыстарын мемлекеттік сатып алу бойынша **467 «Аудандық құрылыс бөлімі» 009 «Жылу-энергетикадық жүйені дамыту»** бюджеттік бағдарламасының кіші бағдарламашасы **015 «Жергілікті бюджет қаражаты есебінен»** ерекшелігі **421 «Ғимараттар мен құрылыстар салу»** бойынша мемлекеттік сатып алу туралы келісім-шарт жасады және мына төмендегідей келісімге келді:

1. Келісім-шарттың мәні мен бағасы

1.1 Мемлекеттік сатып алудың ұйымдастырушысы ОҚО энергетика және коммуналдық шаруашылық басқармасы 2011 жылы **«ОҚО, Төлеби ауданы Киелітас ауылдық округі Ақайдар, Киелітас ауылдарының тұрғын үйлерін газбен қамтамасыз ету құрылысы»** жұмыстарына мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырған және осы жұмыстарды орындауға 2011 жылғы 09 ақпанында бір көзден мемлекеттік сатып алу қорытынды хаттамасына сәйкес **184 885 700 (Жүз сексен төрт миллион сегіз жүз сексен бес мың жеті жүз) теңге** көлеміндегі сомаға Мердігерден өтінім қабылдаған. 2011 жылға келісім-шарттың жалпы сомасы Төлеби ауданы әкімдігінің 6 қаңтар 2011 жылғы «Төлеби ауданының құрылыс бөлімінің 2011-2015 жылдардағы даму стратегиясының жоспары» туралы №18 қаулысына сәйкес облыстық бюджет есебінен қаржыландырылатын келісім-шарттың жалпы сомасы **184 885 700 (Жүз сексен төрт миллион сегіз жүз сексен бес мың жеті жүз) теңгені** құрайды. Төлеби аудандық құрылыс бөлімі мемлекеттік мекемесі аталған сомаға тапсырыс қабылдауды «Barat & Co» ЖШС-не міндеттейді және бұл сомаға ҚМЖ, ҚҚС, сметада қарастырылған материалдарды, жабдықтарды сатып алу шығындары, авторлық қадағалау шығындары, және т.б. шығындар жатады. 2011 жылға қаралған қаражат сомасы **184 885 700 (Жүз сексен төрт миллион сегіз жүз сексен бес мың жеті жүз) теңгені** құрайды.

1.2. Нысан бойынша құрылыс жұмыстары толық аяқталғаннан кейін, мердігер мемлекеттік сатып алу туралы конкурстың шартымен, келісім-шарттың міндеттемесіне сәйкес, нысанның және оның инженерлік коммуникация жүйелерінің толық қанды жүз пайыз жұмыс істеп тұруын міндетіне алады.

2.Төлемнің тәртібі мен мерзімі

2.1. Тапсырысшы Мердігерге орындалған жұмыс көлеміне осы Келісім-шарт бойынша 2011 жылға көрсетілген соманы төлеуге міндетті.

2.2 Төлем тәсілі – нақтылы емес.

2.3. Келісім-шарт бойынша төлем, бюджеттік бағдарламаға берілген қаржы рұқсатына сәйкес Тапсырысшының есеп-шотына ақшалай қаражаттың түсуіне байланысты және орындалған жұмыс актілерінің инжинирингілік қызмет көрсетуші «Инженердің» қол қойып, рәсімделген құжаттарына сәйкес ай сайын жүргізіледі.

2.4. Мердігер Келісім-шартқа қол қойып және күнтізбелік жоспарын ұсынғаннан кейін, Тапсырысшы Мердігерге аванстың өтеу кестесіне сәйкес кейінгі ұстаумен Келісім-шарттың жалпы құнынан **15 пайыз** көлеміндегі сомадан аспайтын авансты

Тапсырысшының есеп-шотына ақшалай қаражаттың түсуіне байланысты төлейді. Мердігер төленген авансты осы Шарт бойынша жұмыстарды орындау үшін талап етілетін материалдарға, жабдықтар мен еңбекақы төлеуге және құрылыс алаңын дайындауға ғана пайдалануы тиіс.

2.5 Келісім шарттың жалпы құнынан 15 пайыз көлеміндегі сомадан аспайтын аванс мердігердің есеп шотына аударылғаннан кейін, мердігер құрылыс–монтаж жұмыстарын 3 жұмыс күн ішінде бастауға міндетті.

2.6 Құрылыс-монтаж жұмыстары 3 жұмыс күні ішінде басталмаған жағдайда, Тапсырыс беруші шарт шеңберінде әрбір мерзімі өткен күн үшін Шарттың бағасынан 0,1 % соманы тұрақсыздық айыбы түрінде шегеріп тастауға құқылы.

2.7. Мердігердің атқарылған жұмыс көлемінің кесімді сомасынан Тапсырысшы келісім-шарт сомасының құнының 5 пайызын ұстап қалып, Мердігерге барлық жұмыстарды орындап болғаннан кейін және кемшіліктер мен шала істелген жұмыс тізімдерін жойғаннан кейін төлейді.

2.8. Осы Шарт бойынша Мердігерге түпкілікті ақы төлеуді Тапсырыс беруші Мердігер осы Шарт бойынша міндеттемелерді және Ақауларды түзету жөніндегі өзінің барлық міндеттемелерін толық орындаған жағдайда жүргізеді.

3. Міндеттемелерді орындау мерзімдері

3.1. Келісім-шартқа қол қойғаннан кейін Мердігер **10 күн** мерзім ішінде Тапсырыс берушіге Объектінің құрылысын салу бойынша жұмыстарды орындау тәртібі мен мерзімі көрсетілген өндіріс кестесін бекітуге ұсынады.

3.2. Тапсырысшы жұмыстардың орындалу мерзімін соза алады, егер форс-мажорлы жағдай немесе ауытқулар орын алған жағдайда, олар жұмысты орындау үшін қосымша уақыт талап етеді, қосымша еңбек шығынын талап ететін жасырын ақаулар анықталған кезде, бұл жөнінде Мердігер азаматтық заңдылықта қарастырылған процедураларға сәйкес Тапсырысшыға жазбаша ескертуі тиіс.

3.3. Жұмыстың басталу мерзімі Келісім-шарттың күшіне енген күннен бастап саналады.

3.4. Мердігер осы келісім шарт бойынша құрылыс-монтаж жұмыстарының барлық түрлерін 2011 жылдың қыркүйек айының 1 жұлдызына дейін аяқтауды міндетіне алады.

3.5.Мердігер келісім-шартта көрсетілген, келісіліп бекітілген өндірістік жұмыс жүргізу кестесіне сәйкес құрылыс-монтаж жұмыстарының барлығы аяқталғаннан кейін, Тапсырысшыға жұмыстардың аяқталғаны жөнінде ескертпе-хабарлама береді, Тапсырысшы инжирингітік қызмет көрсетуші «Инженерді» қатыстыра отырып, Келісім-шартқа сәйкес жеті күннен кешіктірмей жұмыстарды аяқтаудың бағалауы жөнінде комиссия (жұмыс комиссиясы) тағайындайды.

3.6. Жұмыс комиссиясы тапсырысшы тағайындаған күні нысан басында жұмыс жасап шала істелінген жұмыстардың тізімін құрады және оларды жою мерзімін белгілейді.

3.7 Мердігер жұмысшы комиссиясының актісінде көрсетілген ақаулар мен ескертпелерді көрсетілген мерзім ішінде жоюға міндетті, жойылмаған жағдайда, Тапсырыс беруші өзінің басқа құқықтарына зиян келтірместен, шарт шеңберінде әрбір мерзім өткен күн үшін Шарттың бағасынан 1 % соманы тұрақсыздық айыбы түрінде шегеріп тастайды.

3.8 Мердігер жұмысшы комиссиясы анықталған кемшіліктер, ақаулар мен ескертпелерді толығымен жойған күні мемлекеттік қабылдау комиссиясын нысан басына шақыруға міндетті. Комиссияның нысанды пайдалануға қабылдау туралы мемлекеттік актісі үш жұмыс күні ішінде мердігер тарапынан рәсімделіу тиіс.

3.9 Келісім-шарттың 3.8. тармағында көрсетілген мерзім мердігер тарапынан сақталмаса, тапсырыс беруші мердігер тарапынан кешіктірілген әр бір күнтізбелік күн үшін келісім-шарт соммасынан 1 пайыз тұрақсыздық түріндегі айыппұлды ұстап қалуға құқылы.

3.10. Нысан құрылысының аяқталған күні нысан бойынша барлық ақаулар мен ескертпелердің жойылып, мемлекеттік қабылдау комиссиясының актісі рәсімделіп, аудан әкімінің шешімімен бекітілген күні болып белгіленеді.

3.11. Нысанның қалыпты жұмысының және оған кіретін жабдықтардың инженерлік жүйесі, материалдары мен жұмыстарының кепілдік мерзімі нысан құрылысының

аяқталуы туралы актісіне қол қойылған кезден бастап 24 ай ұзақтығымен белгіленеді, қасақана оған басқа үшінші жақтан зиянкестік келтірілмесе.
3.12. Егер кепілді пайдалану мерзімі кезеңінде нысанды қалыпты пайдалануға мұрша келтірмейтін кемшіліктер айқындалса, онда кепілдік мерзімі кемістіктерді жою кезеңіне созылады және Мердігердің өз есебінен жүзеге асырылады.

4. Тараптардың жауапкершілігі

4.1. Тапсырысшы жұмыстардың күнтізбелік жоспарымен белгіленген көлемде және мерзімде Мердігерге құрылыс алаңдарын беруге міндетті.
4.2. Тапсырысшы құрылыстың кез келген кезеңінде жұмыстың сапасына сынақ жүргізуге құқылы. Ақаулар айқындалса, Мердігер өз есебінен оларды түзейді.
4.3. Тапсырысшы кез-келген айқындалған Ақаулар жөнінде, оны түзету мерзімін көрсетумен Мердігерге жазбаша хабар береді.
4.4. Тапсырысшы Мердігердің жұмыстарынан табылған қандай-да бір залал немесе қандай-да бір келтірілген зақымға жауапкершілік алмайды және Мердігер қандай-да бір зақымды, залалды және т.б. кемшіліктерді түзетуді қосымша өтеу ақысыз жүзеге асырады.
4.5. Мердігер Келісім-шарт түзіліп қол қойған күннен бастап 10 жұмыс күнде, сақтандыру нысаны–бастапқы аванс төлемі болып табылатын, сақтандыру полисін және конкурстық құжаттарда қарастырылған шартқа сәйкес, Келісім-шарт орындалуының кепілін, яғни Келісім-шарт сомасының 3 пайыз мөлшердегі кепілін 10 жұмыс күн ішінде тапсыруға міндетті, 10 жұмыс күннен кешіктіріп тапсырылған жағдайда, Мердігердің мемлекеттік сатып алу конкурсына қатысу үшін тапсырған нысан құрылысының барлық сомасынан 1 пайыз мөлшердегі кепілі облыстық бюджет кірісіне қайтарылады.
4.6. Форс-мажор жағдайларын қоспағанда, егер Мердігер шартта көзделген мерзімде бере алмайтын не қызметтерді көрсете алмайтын болса, Тапсырыс беруші өзінің басқа құқықтарына зиян келтірместен, шарт шеңберінде әрбір мерзімі өткен күн үшін Шарттың бағасынан 10% соманы тұрақсыздық айыбы түрінде шегеріп тастайды.
4.7. Форс-мажор жағдайларын қоспағанда, егер Мердігер жұмыс кестесінде көзделген жұмыстар өз уақытында орындамайтын болса, Тапсырыс беруші өзінің басқа құқықтарына зиян келтірместен, шарт шеңберінде әрбір мерзімі өткен күн үшін Шарттың бағасынан 1 % соманы тұрақсыздық айыбы түрінде шегеріп тастайды.
4.8. Мердігер шартты орындаудан бас тартқан жағдайда немесе шарт Мердігердің кінәсінен бұзылса, өнім беруші Тапсырыс берушіге Шарттың жалпы сомасынан 10 пайыз мөлшерде тұрақсыздық айыбын (айыппұл) төлеуге міндетті.
4.9. Жұмыс ішінара немесе толық орындалмаған жағдайда өнім беруші 5 күннен кешіктірмей аванстын жалпы сомасы мен көрсетілген қызметтердің құны арасындағы айырмашылық бөлігінде төленген аванстық төлем сомасын қайтаруға міндетті.
4.10. Егер мердігер 5(бес) күнтізбелік күннен кешіктірмей шарт бойынша төленген аванстық төлемді қайтармаған жағдайда, тиісінше аванстың сомасының әрбір мерзімі өткен күнтізбелік күн үшін 1 пайыз мөлшерінде өсімақыны осы тармақ бойынша міндеттемені толық орындағанға дейін төлейді. Авансты қайтару міндеттемесі осы Шарттың мерзіміне қарамастан қолданылады.
4.11.Мердігер құрылыс монтаж жұмыстарын жүргізуге рұқсат құжаттарын алуға міндеттеме алады.
4.12. Мердігер Тапсырысшыға материалдар мен жабдықтарды алудың кестесін ұсынады.
4.13 Мердігер қолданылатын барлық материалдар мен құрал-жабдықтарды жоғарғы деңгейдегі бюджеттік бағдарлама әкімшісі – Оңтүстік Қазақстан облысы энергетика және коммуналдық шаруашылық басқармасымен және Тапсырысшы – құрылыс бөлімімен міндетті түрде келісілуі тиіс.
4.14. Мердігер Келісім-шартты орындау кезінде, Тапсырысшының мүлкіне келтірілген залалға немесе шығындарға және жұмысшылардың денсаулығы мен меншігіне келтірілген қауіпке, сондай-ақ, жұмысшылардың өліміне жауапкершілік алады.

4.15. Мердігер ақауларды жою кезеңін қоса алғанда, жұмыстар басталған күннен жұмыстар толық аяқталғанға дейінгі кезеңге Тапсырыс берушінің атына сақтандырумен жабуды қамтамасыз етеді.
4.16. Мердігер сақтандыру полисін Тапсырыс берушіге жұмыстар басталатын Күнге дейін ұсынуы тиіс.
4.17. Егер Мердігер талап етілетін сақтандыру полисін ұсынбаса, Тапсырыс беруші Мердігердің қамтамасыз етуі тиіс сақтандыруды жүргізуі және осы шығыстарды Шарттың құнынан ұстауы мүмкін.
4.18. Мердігер Тапсырыс берушінің келісімінсіз сақтандыру шарттарын ешқандай өзгерте алмайды.
4.19.Екі тарап та сақтандыру полистерінің барлық шарттарын сақтауға тиіс.
4.20.Мердігер нысандағы жұмыстардың өндірісінің техникалық қауіпсіздігіне толық жауапкершілігін алады.
4.21. Мердігер білімін және барлық мүмкіншілігін пайдаланып, жұмысты бақылауға алып, бағыттап отыруы тиіс. Мердігер Келісім-шарт бойынша қаржыларға, әдістеріне, техникасына, жұмыстардың орындалу дәйектілігіне мен сапасына, сондай-ақ барлық жұмыстарды үйлестіруге және бақылау жасауға жауапты.
4.22. Мердігер орындалған жұмыстарды және жұмыстарға байланысты барлық материалдарды, жабдықтарды, ресурстарды және өзге де позицияларды жаңбырға, су тасқынына, аязға, өртке, ұрлауға және өзге де себептерге байланысты зиянның, зақымданудың, жойылудың барлық түрлерінен қорғауды қамтамасыз етуге міндетті. Мердігер өзінің жұмыстарын жүргізу кезінде жоба бойынша басқа жұмыстарды, сондай-ақ Тапсырыс берушіге тиесілі меншікті және оған тиесілі құрылыстарды қандай да бір зақымдану түрлерінен және жолды, ғимараттарды, материалдардың қоймаларын және жылжымалы және жылжымайтын мүліктің өзге де түрлерін қоса алғанда (бірақ, онымен шектеліп қоймай) басқа да себептерден қорғауды қамтамасыз етуге тиіс. Мердігер жоғарыда айтылғандарға байланысты шеккен барлық шығындар Тапсырыс берушінің тарапынан қосымша өтелуге жатпайды.
4.23. Егер Мердігер келісім-шарт талаптарын бұзып, түзету арқылы өз міндеттемелерін орындамаса, сондай-ақ, Мердігер жобалау сметалық құжаттарына сәйкес жұмыстарды аяқтауға қабілетсіз болса, Тапсырысшы инжирингілік қызмет көрсетуші «Инженердің» қатысуымен орындалмаған міндеттемелердің себептерін жоюға дейін жұмыстарды толық немесе бөлігін тоқтату жөнінде жазбаша алдын-ала өкім бере алады.
4.24. Мердігер Келісім-шарт негізінде Тапсырысшының алдында өзінің жұмысшыларының, қосалқы мердігерлерінің, қосалқы мердігерлерінің жұмысшылары мен сенімді адамдарының, сондай-ақ, Келісім-шарттың аясында жұмыс бөлігін атқарып жүрген басқа да адамдардың әрекеттері мен жіберген қателіктеріне жауапкершілігін алады.
4.25. Егер Тапсырыс беруші Мердігерден Мердігердің немесе қосалқы мердігердің қызметкері болып табылатын адамды, себептерін көрсете отырып, Объектіде жұмыстарды орындаудан алыстатуды сұрайтын болса, Мердігер мұндай адамды 72 сағат ішінде құрылыс объектісінен кетіруге міндетті, одан кейін бұл адамның осы Шарт бойынша жұмыстарды орындаумен ешқандай байланысқа ие болмауы тиіс.
4.26. Мердігер Ақаулар жөнінде ескертпені алып, Тапсырысшының белгілеген уақыты ішінде жоюға міндетті.
4.27 Егер мердігер ақаулармен кемшіліктер жөніндегі ескертпені алғаннан кейін, тапсырысшының белгілеген уақыты ішінде ақаулармен кемшіліктерді жоймаған жағдайда, тапсырысшы орындалмаған жұмыстар көлемінің құнынан әр бір кешіктірілген күнге 1 пайыз тұрақсыздық (айыппұл) құнын өзіне зиян келтірмей келісім-шарттың бағасынан шегереді.
4.28. Мердігер Тапсырысшыға шарт бойынша жеткізілген материалдар мен жабдықтардың сапасы жақсы болуына және техникалық ерекшеліктер мен жобалау сметалық құжаттарға сәйкес болуына және кемшіліксіз орындалуына кепілдік береді. Бұл

талаптарға сәйкес келмейтін, сонымен бірге негізсіз, заңсыз өзгерістер болса аталған жұмыс ақау деп танылады. Тапсырысшының талабы бойынша Мердігер материалдар мен жабдықтардың сапасын лабораториямен куәландыратын құжаттарды ұсынуы тиіс.

4.29. Мердігер Нысанға апарылуға тиіс барлық әкелінген материалдар мен жабдықтардың тасымалдауын, жеткізіп беруін, түсірілуін (жүк) және сақталуын ұйымдастыруға жауапты. Тапсырысшы жеткізіп беру, өңдеу, сақтау және тасымалдау қаражаттарының, құралдарының тұрып қалуын төлеуге қатысты шығындарға қандай-да бір жағдайда өзіне жауапкершілік алмайды, ешқандай жеткізіп беру Тапсырысшыға жолданбауы тиіс.

4.30. Мердігер учаскедегі аумағын таза ұстауы қажет. Мердігер учаскедегі барлық қоқысты тазартып, жедел түрде тәртіпке келтіріп отыруы тиіс.

4.31. Мердігер қосалқы мердігер ұйымдарымен жұмыстың жалпы көлемінен 2/3 артық емес бөлігіне Келісім-шарттар түзе алады, бірақ Келісім-шартты басқа үшінші жаққа Тапсырысшының жазбаша рұқсатынсыз бере алмайды. Қосалқы мердігерлердің бары (саны) Тапсырысшы мен Мердігер арасында құрылған Келісім-шарттың шартын өзгертпейді.

4.32 Мердігер жұмыстарды бекітілген жұмыстардың өндірістік кестесіне сәйкес жүргізуге міндетті. Мердігер өндірістік кестесінде көрсетілгендей құрылыс нысанындағы кәсіби жұмысшылардың болуына және көлік механизмдерінің санына жауапты.

4.33 Мемлекеттік сәулет-құрылыс инспекциясының қызметкерлеріне салынып (реконструкцияланып, кеңейтіліп, жаңғыртылып, күрделі жөндеуден өткізіліп) жатқан объектілер мен кешендерге кедергісіз бару және оларда жүргізіліп жатқан құрылыс-монтаж жұмыстарының сапасына жедел инспекциялық тексеруді мердігер қамтамасыз етуді міндеттенеді.

4.34 Мердігер тапсырысшыға және жоғарғы деңгейдегі бюджеттік бағдарлама әкімшісі – Оңтүстік Қазақстан облысы энергетика және коммуналдық шаруашылық басқармасына алты айдан астам нысандарының құрылысы бойынша жұмыстардың өндірістік жоспарын міндетті түрде ұсынады.

4.35 Мердігер құрылыс, күрделі жөндеу, ағымдағы жөндеу жұмыстарын орындау үшін аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінде тіркелген жергілікті тұрғындардың 80 % жұмыспен қамтуға міндетті.

4.36 Жобалық-сметалық құжаттама бойынша орындалатын жұмыстардың сметалық құжаттамасында қаралған еңбек ақы төлеу қорынан ауданның бюджетіне салықтар мен басқада міндетті төлемдерді төлеуге міндетті.

4.37 Мердігер құрылыс-монтаж жұмыстарын мемлекеттік сатып алу конкурсына қатысар алдын танысқан, бекітілген жобалық-сметалық құжаттама бойынша жүргізеді. Мемлекеттік сараптама 25.11.2010 №19-0685/10. Құрылыс-монтаж жұмыстары барысында жобаға енбей қалған жұмыстар анықталған жағдайда және анықталған жұмыстарды орындамаса нысанды пайдалануға тапсыру мүмкін болмаса мердігер анықталған жұмыстарға тапсырысшыдан қосымша қаржы талап етпей жобаның сметалық құжаттамасында қаралған 6 пайыз көрінбейтін және нормаланбайтын шығындар есебінен немесе өз қаржысы есебінен аяқтауды міндетіне алады.

4.38 Мердігер орындалған жұмыс көлемдерінің актілерін форма №2, №3 әр есепті айдың 20 жұлдызына дейін инжинирингтік қызмет көрсетуші мекеменің растауымен тапсырысшыға ұсынуға міндетті. Егер көрсетілген мерзімнен кешіктірген жағдайда өндірістік жұмыс жүргізу кестесіне сәйкес, есепті айда орындалу қажет жұмыстарының сомасынан 1% тұрақсыздық түріндегі айыппұлды шегеріліп тасталынады.

4.39. Жұмыстардың сапасының бұзылғаны үшін жобалық-сметалық құжаттамадан ауытқуын, Қазақстан Республикасында әрекет ететін техникалық нормалар мен ережелерді қоса алғанда, бірақ онымен шектеліп қоймай жұмыста техникалық нормалар мен ережелерге сәйкес келмейтін материалдар мен жабықтарды қолданғанда, қолданыста пайдалануда болған материалдар мен жабдықтарды пайдаланғанда – Мердігер сапасыз

орындалған жұмыстардың құнынан әр бір мерзімі өткен күннен 0,2 пайыз сомасында Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбын төлейді.
4.40. Осы тармақта көрсетілген тұрақсыздық Мердігердің сапасыз орындалған жұмыстарды жойған күннен (қайта жасау) есептеп шығарылады. Жою фактісі Мердігердің, Тапсырыс берушінің және Инженердің қолы қойылған сапасыз орындалған жұмыстарды жойған Актісімен расталуы тиіс.
4.41. Шарттың кепілді мерзімі ішінде Объектінің кемшіліктері мен ақауларын жою бойынша міндеттемелерін бұзғаны үшін Мердігер Тапсырыс берушіге 5 пайыз көлемінде тұрақсыздық айыбын төлейді.
4.42. Мердігер кепілді кезең ішінде жұмыстардың өндірістік сапасы мен мерзімдеріне қатысты міндеттемелерден басқа Шарт бойынша міндеттемелерді бұзса, Мердігер Тапсырыс берушіге әр бұзушылыққа Шарттың құнынан 1 пайыз көлемде тұрақсыздық төлейді.
4.43. Шартта қаралған тұрақсыздық пен айып санкциялары Мердігер Тапсырыс берушіден тұрақсыздық пен айып санкцияларын төлеу туралы талаптарын алған күннен 5 (бес) жұмыс күні ішінде төленуге жатады. Мердігер осы жүргізілген төлемдерді растайтын төлем құжаттарын осы тармақта белгіленген мерзімде Тапсырыс берушіге ұсынуы тиіс.
4.44. Мердігер көрсетілген мерзімде тұрақсыздық айып санкцияларын төлеу бойынша міндеттемелерін орындамаған жағдайда, Тапсырыс беруші Шарттың құнынан есептелінген тұрақсыздық пен айып санкцияларын шегеруге және тұрақсыздық пен айып санкцияларын алып тастап, Мердігерге кезекті төлем жүргізуге құқылы.
4.45. Мердігер Шартты орындаудан бас тартса немесе Мердігердің кінәсінен келісімшарт бұзылса, Мердігер Тапсырыс берушіге Шарттың құнынан 10 пайыз көлемде тұрақсыздық (айып) төлейді.

5. Игерілмейтін күштің әрекеттері.

5.1.Тараптар осы Келісім-шарт бойынша өздерінің міндеттемелерін толық, жарым-жарты орындау жауапкершілігінен босатылады, егер де жұмыстың орындалуы игерілмейтін күштің салдарынан мүмкіншілігі болмаса, яғни аталған жағдайды қалпына келтіре алмайтын төтенше жағдайлар: су тасқыны, жер сілкінісі, апатты жағдайлар, соғыс немесе әскери қимылдар, Келісім-шарттың міндеттемелерін орындауға кедергі жасайтын нормативтік актілерді қабылдау, заңдылықтардағы өзгерістер орын алғанда.
5.2. Форс-мажорлы жағдайлардың, сондай-ақ олардың шамамен болу мерзімі жөнінде, осындай жағдай болған Жақ басқа Тарапты аталған жағдай болу кезден бастап банкілік 5 (бес) күннен кеш емес уақытты жазбаша түрде ескертеді.
5.3. Форс-мажорлы жағдайлар меңгеріліп, игерілген жағдайда Келісім-шарттың мерзімі форс-мажорлы жағдай кезеңінің бірдей ұзақтығы бойынша ұзартылады.
5.4. Егер көрсетілген жағдайлар 3 айдан жоғары уақыт болса және тоқтатылу белгісі айқындалмаса, өзге тарапқа жазбаша ескерту жолдау жолымен Келісім-шартты Тапсырысшы мен Мердігер бұзуына болады.

6. Келісім-шарттың өзгеру мен толықтыру тәртібі.

6.1. Келісім-шарт кез-келген өзгерістер мен толықтырулар енгізу күшіне енеді, егер де олар жазбаша түрде рәсімделіп және екі жақтың қолы қойылған болса.
6.2. Келісім-шартты мерзімінен ерте бұзу тараптардың келісімі немесе қолданыстағы азаматтық заңдылықта қарастырылған негіздемелер бойынша келтірілген шығындардың орнын толтырумен орын алады.
6.3. Нысандардың құрылыстарын алдыңғы уақыттарға қаржыландыру үшін, тиісті бюджетте қаражаттың болмау жағдайы орын алса, Келісім-шарт, кейінгі жылдарға түзілмейді және Тапсырысшы мен Мердігердің бір-біріне ешқандай даусыз міндеттемелері, сонымен қатар қаржы жағы тоқтатылады, негіздемесі - ҚР қаржы министрлігінің 2004 жылғы 12 қарашадағы № Дюс-3-1/411/10134 хаты.

6.4. Келісім-шартта Қазақстан Республикасының заңдылықтарына қайшы келмейтін басқа да айып санкциялары немесе басқа шарттар Тапсырысшы мен Мердігердің келісімімен қаралуы мүмкін.

6.5. Тапсырысшы мынадай жағдайларда Келісім-шартты бұзуға құқылы:

- Мердігердің кінәсінен құрылыс барысын кешеуілдетсе және жұмыстардың өндірістік кестесін бұзса (үш күннен жоғары).
- Мердігер жобада қаралған жұмыстардың сапасын төмендету нәтижесінде Келісім-шарттың талаптарын бұзса.
- Осы келісім шартпен көзделген басқа да талаптар мен міндеттемелерді орындамаса тапсырыс беруші келісім шартты бір жақты бұзып, қалған жұмыс көлеміне қосалқы мердігерді тікелей қаржыландыру құқығымен тартуға құқылы.

6.6. Келісім-шарттың біткен күні нысан бойынша барлық ақаулар мен ескертпелердің жойылып, мемлекеттік қабылдау комиссиясының актісі рәсімделіп, аудан әкімінің шешімімен бекітілген күні болып белгіленеді.

6.7. Мердігер мынадай жағдайларда Келісім-шартты бұзуға құқылы:

- Мердігерден тәуелді емес себептермен, Тапсырысшының айтуымен бір айдан көп мерзімге құрылыс-монтаждау жұмыстарын орындауын тоқтату кезінде;
- Тапсырысшы құрылыстың кейінгі қаржылындыру мүмкіншілігін тоқтатса.

6.8. Келісім-шартты бұзатын тарап, басқа тарапқа бұл жөнінде 30 күн алдын ала жазбаша ескертеді.

6.9. Осы Келісім-шартта тікелей қаралмаған болса да, Тараптар Қазақстан Республикасының заңдылықтарының барлығын басшылыққа алады.

6.10. Нысандардың құрылыс мәселелеріне қатысты Тапсырысшы мен Мердігердің ресми сөз алмасуы тек жазбаша түрде ғана күшіне енеді.

6.11. Келісім-шарт мерзімі 2011 жылдың 11 ақпанынан 2011 жылдың 31 желтоқсанына дейін.

6.12. Осы келісім-шарт әр тарапқа бірдей заңдық күші бар 5 данадан, яғни әр тарапқа біреуден және бір данасы Қазынашылық органына тапсырылады.

6.13. Осы Шарт Тапсырыс беруші оны аумақтық қазынашылық органында тіркегеннен кейін және Мердігер Шарттың атқарылуын қамтамасыз етуді енгізгеннен кейін күшіне енеді.

Келісім-шарт Қазынашылық органдарында тіркелген күннен бастап күшіне енеді.

6.14. Тараптардың мекен-жайы мен реквизиттері:

Тапсырысшы:	**Мердігер:**
«Төлеби аудандық құрылыс бөлімі» ММ	**«BARAT & CO» ЖШС**
СТТН: 580900213084	**СТТН: 582100240594**
ИИК KZ44070103KSN5809000	**ИИК: KZ136012911000037243**
БИК KKMFKZ2A	**БИК:HSBKKZKX**
БИН 060240010222	**БИН:041140006557**
Код: 4673506	**Кбе17, Код 45211**
Төлеби аудандық қазынашылық басқармасы	**Банк: «Халық банк» АҚ ШФ**
Мекен жайы: Ленгір қ, Әйтекеби көшесі №28	**Мекен жайы: ОҚО, Шымкент қ Шапағат м/а Пазикова көш.№2**
Бөлім бастығы	**Директор**
Л. Серікбаев	**А.Айнабек**

Тіркелді № 66
Төлеби аудандық қазынашылық басқармасы
16 ИЮН 2011
2 МБАШТБ/ОЙГБРД

2011 жылғы 11 ақпан айындағы №19 келісім-шартқа
№ 1 қосымша келісім

Ленгер қ **2011 жыл «03» маусым**

Төлеби аудандық құрылыс бөлімі ММ бұнан ары Тапсырысшы болып аталатын, бөлім бастығы Л. Серікбаев, бір жағынан және Жарғы негізінде әрекет ететін «Barat & Co» ЖШС, бұдан әрі аталуы Мердігер атынан директоры А. Айнабек, екінші жағынан, «Мемлекеттік сатып алу туралы» 21.07.2007 ж. №303-III ҚР Заңы негізінде және 2011 жылдың 09 ақпандағы облыстық энергетика және коммуналдық шаруашылық басқармасындағы бір көзден мемлекеттік сатып алу қорытынды хаттамасына сәйкес **«ОҚО Төлеби ауданы Киелітас ауылдық округі Ақайдар, Киелітас ауылдарының тұрғын үйлерін газбен қамтамасыз ету құрылысы»** жұмыстарын мемлекеттік сатып алу бойынша **467 «Аудандық құрылыс бөлімі» 009 «Жылу-энергетикадық жүйені дамыту»** бюджеттік бағдарламасының кіші бағдарламашасы **015 «Жергілікті бюджет қаражаты есебінен»** ерекшелігі **421 «Ғимараттар мен құрылыстар салу»** бойынша мемлекеттік сатып алу туралы қосымша келісім жасады және мына төмендегідей келісімге келді:

1. Келісім-шарттың мәні

1.1. Мемлекеттік сатып алудың ұйымдастырушысы ОҚО энергетика және коммуналдық шаруашылық басқармасы 2011 жылы **«ОҚО Төлеби ауданы Киелітас ауылдық округі Ақайдар, Киелітас ауылдарының тұрғын үйлерін газбен қамтамасыз ету құрылысы»** жұмыстарын мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырған және осы жұмыстарды орындауға 2011 жылғы 09 ақпанында бір көзден мемлекеттік сатып алу қорытынды хаттамасына сәйкес **184 885 700 (Жүз сексен төрт миллион сегіз жүз сексен бес мың жеті жүз) теңге** көлеміндегі сомаға Мердігерден өтінім қабылдаған. 2011 жылға келісім-шарттың жалпы сомасы Төлеби ауданы әкімдігінің 6 қаңтар 2011 жылғы «Төлеби ауданының құрылыс бөлімінің 2011-2015 жылдардағы даму стратегиясының жоспары» туралы №18 қаулысына сәйкес облыстық бюджет есебінен қаржыландырылатын келісім-шарттың жалпы сомасы **184 885 700 (Жүз сексен төрт миллион сегіз жүз сексен бес мың жеті жүз) теңгені** құраған. ОҚО мәслихатының 12.05.2011 жылғы №40/343-IV шешіміне сәйкес **7 000 000 (Жеті миллион)** теңгесі келісім-шарт сомасынан қысқартылған. 2011 жылғы келісім-шарттың сомасы өзгеруіне байланысты, қосымша келісімнің сомасы **177 885 700 (Жүз жетпіс жеті миллион сегіз жүз сексен бес мың жеті жүз)** теңгені құрады. Соның ішінде 2011 жылғы маусым айының 01 жұлдызына атқарылған жұмыстары үшін мердігерге **91 345 893 (Тоқсан бір миллион үш жүз қырық бес мың сегіз жүз тоқсан үш)** теңгесі қаржыландырылған. Қосымша келісім бойынша қалдық сомма **86 539 807 (Сексен алты миллион бес жүз отыз тоғыз мың сегіз жүз жеті)** теңгені құрайды. Төлеби аудандық құрылыс бөлімі мемлекеттік мекемесі аталған сомаға тапсырыс қабылдауды «Barat & Co» ЖШС-не міндеттейді және бұл сомаға ҚМЖ, ҚҚС, сметада қарастырылған материалдарды,

жабдықтарды сатып алу шығындары, авторлық қадағалау шығындары жатады.

1.2. Аталған қосымша келісім мемлекеттік сатып алу жөніндегі 2011 жылғы 11 ақпандағы №19 келісім-шарттың бөлінбейтін бөлігі болып табылады және екі жақтың міндетті түрде орындалуы қажет.

2. Қосымша келісімнің әрекет ету мерзімі

2.1. Осы қосымша келісім бірдей заңды күші бар 3 данада түзілген және шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

2.2. Осы қосымша келісім қол қойған күннен бастап және ҚР ҚМ қазынашылық органдарында тіркегеннен кейін күшіне енеді және 2011 жылдың 31 желтоқсанға дейін әрекет етеді.

3. Мекен-жайлары мен реквизиттері:

Тапсырысшы	Мердігер
«Төлеби аудандық құрылыс бөлімі» ММ	**«BARAT & CO» ЖШС**
СТТН: 580900213084	**СТТН: 582100240594**
ИИК: KZ44070103KSN5809000	**ИИК: KZ136012910 00037243**
БИК: KKMFKZ2A	**БИК:HSBKKZKX**
БИН: 060240010222	**БИН:041140006557**
Код: 4673506	**Кбе17, Код 45211**
Төлеби аудандық қазынашылық басқармасы	**Банк: «Халық банк» АҚ ШФ**
Мекен жайы: Ленгір қ, Әйтекеби көшесі №28	**Мекен жайы: ОҚО, Шымкент қ Шапағат м/а Пазикова көш.№2**
Бөлім бастығы	**Директор:**
Л. Серікбаев	**А.Айнабек**

Төлеби аудандық қазынашылық басқармасы
16 ИЮН 2011
2 МБАШТБ/ОИГБРД